

Қаржылық сауаттылық негізінде эксперименттік жұмыс аясында педагогтер мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізу туралы АНЫҚТАМА

2024 жылдың наурыз айында №58 «Өркен» балабақшасында «Мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру» тақырыбындағы эксперименттік жұмыс аясында педагогтер мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты - қаржылық сауаттылыққа деген қатынасты, бастапқы білім деңгейін, қажеттіліктер мен қызығушылықтарды анықтау арқылы жобаның тиімділігін арттыру.

Сауалнамаға қатысқандар:

10 педагог қызметкер

30 ата-ана

Сауалнама мазмұны:

- Қаржылық сауаттылық туралы түсінік деңгейі
- Ақша, еңбек, үнемдеу, жинақтау тақырыптарына көзқарас
- Балалармен қаржы туралы сөйлесу тәжірибесі
- Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған қаржылық білім беру қажеттілігі туралы пікір

Негізгі нәтижелер:

- Педагогтердің 80%-ы қаржылық сауаттылықты балабақша деңгейінде енгізу қажеттігін қолдады.
- Ата-аналардың 65%-ы балаға ақшаны дұрыс басқару дағдысын үйрету маңызды екенін атап өтті.
- Сауалнама нәтижелері балаларға арналған қаржылық білім беру жобасын жүйелі түрде енгізудің маңызын растады.

Сауалнама нәтижелері негізінде балабақшада қаржылық сауаттылық бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттермен ата-аналарға арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту ұсынылды.

Инновация әдіскері _____ Е.С.Зейнелсадыкова

Психолог _____ С.М.Слямова

Мерзімі: 12. 02. 2024 ж.

Педагогтерге арналған сауалнама

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық сауаттылықты дамыту

Мақсаты: Педагогтердің қаржылық сауаттылық бойынша көзқарасын, білім деңгейін және тәжірибесін анықтау.

1. Қаржылық сауаттылық деген ұғымды қалай түсінесіз?

- а) Ақша табу мен оны басқару дағдылары
- б) Тек ересектерге қажетті білім
- в) Бюджет жүргізуді білу

2. Мектепке дейінгі балаларға қаржылық тәрбие беру қажет деп ойлайсыз ба?

иә / жоқ / білмеймін

3. Сіз өз қызметіңізде қаржылық сауаттылық элементтерін қолданып жүрсіз бе?

иә / жоқ

Егер иә болса, қандай тәсілдермен?

4. Қаржылық сауаттылыққа байланысты қандай тақырыптарды баламен талқылау маңызды деп санайсыз?

- а) Ақша қайдан келеді
- б) Еңбек ету мен ақша табу
- в) Үнемдеу және жинау
- г) Барлығы

5. Қаржылық сауаттылықты дамыту үшін қандай әдіс-тәсілдер тиімді деп санайсыз?

Ата-аналарға арналған сауалнама

Тақырып: Мектеп жасына дейінгі балалардың қаржылық тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналардың бала тәрбиесінде қаржылық сауаттылыққа мән беру деңгейін анықтау.

1. Сіздің балаңыз ақшаның не екенін біле ме?

иә / жоқ / нақты білмеймін

2. Балаңызбен ақша туралы сөйлесесіз бе?

иә / жоқ

Егер иә болса, қандай тақырыптарда?

3. Балаңыздың жеке «Жинақ қобдишасы» (копилка) бар ма?

иә / жоқ

4. Сіздің ойыңызша, балаға қаржылық сауаттылықты қай жастан бастап үйрету керек?

а) 3–4 жас

б) 5–6 жас

в) Мектеп жасынан кейін

5. Қаржылық сауаттылықты балабақшада оқытуға көзқарасыңыз:

а) Қажет және пайдалы

б) Артық деп санаймын

в) Ата-ана ғана үйретуі керек

6. Балаңыздың ақшаға деген көзқарасын қалыптастыру үшін қандай іс-әрекеттер жасадыңыз?

«Қаржылық сауаттылық әліппесі» театрлық қойылымы бойынша АНЫҚТАМА

2025 жылдың сәуір айында №58 «Өркен» балабақшасында мектепке дейінгі ересек топ балаларының қатысуымен «Қаржылық сауаттылық әліппесі» атты театрландырылған қойылым өтті.

Іс-шараның мақсаты – балалардың қаржылық сауаттылық туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, ақшаның мәні, еңбекпен табылатын табыс, үнемдеу, көкейкесті қажеттіліктер мен артық шығындарды ажырату дағдыларын дамыту болды.

Қойылымда балалар көрініс арқылы:

- *Ақша қайдан келеді?*

- *Оны қалай дұрыс қолдану керек?*

- *Қажетті және қажетсіз заттарды қалай ажыратуға болады?*

- *Қаражатты үнемдеп жинаудың маңызы қандай?* – деген сұрақтарға жауап берді.

Театрландырылған сахнада балалар дүкенге бару, еңбек ету, копилкаға ақша салу, шынайы және жалған ақшаны ажырату сынды сахналық көріністер арқылы өз білімдерін көрсетті. Қойылымға ата-аналар мен педагогтер да қатысты.

Іс-шара балалардың шығармашылық қабілетін, сахналық мәдениетін дамытумен қатар, қаржыға деген ұқыпты көзқарасын қалыптастыруға оң әсер етті.

Инновация әдіскері _____ Зейнелсадыкова Е.С.

Эксперименттік және бақылау топтарына бастапқы мониторинг жүргізілгені туралы АНЫҚТАМА

2024 жылдың 15 қыркүйек күні №58 «Өркен» балабақшасында «Қаржылық сауаттылық негіздері» жобасы аясында эксперименттік және бақылау топтарына бастапқы (кіріс) мониторинг жүргізілді.

Мониторингтің мақсаты – мектепке дейінгі балалардың қаржылық сауаттылыққа қатысты бастапқы білім деңгейін, түсініктерін, практикалық дағдыларын анықтау болды.

Зерттеу жұмысы төрт топ арасында жүргізілді:

- Эксперименттік топ – жоба негізінде арнайы әдістемемен сабақ алған балалар;
- Бақылау тобы – дәстүрлі оқу-тәрбие процесімен жұмыс жасаған балалар.

Мониторинг барысында келесі өлшемдер қарастырылды:

- «Ақша» ұғымын білу және ажырату дағдысы;
- Ақша қайдан келетіні туралы түсінік;
- Қажеттілік пен артық шығын арасындағы айырмашылықты ұғыну;
- Жинау мен үнемдеу туралы қарапайым түсінік;
- Қаржылық әдеп ережелерін білу (басқа біреудің ақшасына қол сұқпау, ортақ дүние мен жеке мүлік ұғымы).

Мониторинг нәтижелері келесі кезеңдердегі салыстырмалы талдауға және оқу-тәрбие процесінің тиімділігін бағалауға негіз болады.

Инновация әдіскері _____ Зейнелсадыкова Е.С.

Эксперимент жұмысы негізінде педагогтарға тәжірибелік іс-шаралар ұйымдастыру туралы АНЫҚТАМА

«Қаржылық сауаттылық негіздері» бағытында жүргізілген эксперименттік жұмыс аясында педагогтердің әдістемелік және практикалық дайындығын арттыру мақсатында бірқатар кәсіби іс-шаралар ұйымдастырылды.

Атап айтқанда:

- Тәжірибелік семинарлар – №2 педкеңесте «№46 балабақша-мектеп гимназия кешені» КММ» әдіскері А.Жапашева «Мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық сауаттылықты қалыптастыру» туралы маңызды ақпараттар беріп, осы бағытта жүргізілетін жұмыстардың маңыздылығын атап өтті.

А. Жапашева қаржылық сауаттылықтың балалардың өміріндегі рөлін түсіндірді. Қаржылық сауаттылықты ерте жастан бастап қалыптастыру балалардың болашақта өз қаржысын дұрыс басқаруға, тұтынушылық таңдау жасай білуге, қаражатты үнемдеуге және тиімді жұмсауға үйретеді. Бұл дағдылар оларды болашақта саналы азамат болуға бағыттайды.

Сондықтан бұл іс-шара педагогтерге қаржылық сауаттылық мазмұнын оқу-тәрбие процесіне енгізу жолдарын үйрету, тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісу мақсатында өтті.

- Шеберлік сыныптар – нақты оқу қызметтерін үлгілеу арқылы қаржылық ұғымдарды түсіндіру, ойын технологияларын қолдану тәжірибесі көрсетілді.

- Дөңгелек үстелдер – «Дарын» және «Алғыр» топтарының ата-аналары арасында «Отбасы капиталы» тақырыбында қаржылық сауаттылыққа байланысты ашық пікір алмасу, кездескен қиындықтарды ортаға салу және шешу жолдарын бірлесе іздеу үшін өткізілді.

Бұл шаралар педагогтердің және ата-аналардың әдістемелік құзыреттілігін арттырып, қаржылық сауаттылық тақырыбы бойынша білімдерін тереңдетуге ықпал етті. Сонымен қатар, тәжірибе алмасуға және өзара қолдау көрсетуге жағдай жасады.

Инновация әдіскері _____ Зейнелсадыкова Е.С.

**«Мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелге
АНЫҚТАМА**

«Мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру» тақырыбында педагогтермен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдарда қаржылық сауаттылықты дамыту бағытындағы заманауи әдіс-тәсілдерді талқылау, педагогтердің тәжірибесімен бөлісу, балалардың қаржы туралы түсінігін қалыптастырудағы тиімді жолдарды анықтау.

Дөңгелек үстел барысында келесі мәселелер қозғалды:

- *Мектепке дейінгі жастағы балалардың қаржылық сауаттылықты меңгеру ерекшеліктері;*
- *Қаржы ұғымын түсіндірудегі ойын, тәжірибелік және жобалық әдістердің маңыздылығы;*
- *«Қаржылық сауаттылық» тақырыбындағы білім беру қызметтерінің мазмұны мен құрылымы;*
- *Ата-аналармен бірлескен жұмыстардың формалары;*
- *Балалардың жас ерекшеліктеріне сай қаржылық түсінікті қалыптастыру жолдары.*

Қатысушы педагогтер интерактивті талқылауға белсенді қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Бірнеше педагог инновациялық іс-тәжірибелерін ұсынып, балалармен жүргізілген практикалық жұмыстарының нәтижелерімен таныстырды. Сонымен қатар, педагогтер тарапынан жаңа ұсыныстар мен бастамалар айтылып, қаржылық сауаттылықты дамытуда қолданылатын авторлық ойындар мен әдістемелік құралдардың үлгілері қарастырылды.

Қорытындысында дөңгелек үстел қатысушылары мектеп жасына дейінгі балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру бағытында бірлескен әдістемелік ұсыныстар қабылдады. Іс-шара өте нәтижелі өтті және педагогтердің кәсіби даму деңгейін арттыруға оң ықпал етті.

Инновация әдіскері ____ Зейнелсадыкова Е.С.

Балабақша педагогтерімен «Қаржылық сауаттылық ойын іс-әрекетінде қауіпсіздік шараларын қалыптастыру» тақырыбында кеңеске АНЫҚТАМА

№58 «Өркен» балабақшасында «Қаржылық сауаттылық ойын іс-әрекетінде қауіпсіздік шараларын қалыптастыру» тақырыбында педагогтермен кеңес отырысы өткізілді. Іс-шараның мақсаты – мектеп жасына дейінгі балаларға қаржылық сауаттылықты ойын арқылы үйрету барысында қауіпсіздік талаптарын сақтау жолдарын талқылау және педагогтердің тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау болды.

Кеңес барысында талқыланған негізгі мәселелер:

- Қаржылық сауаттылықты дамытуға арналған ойын түрлері: Педагогтер балалардың жас ерекшеліктеріне сай келетін ойындарды талқылады, мысалы: «Дүкен», «Банк», «Ақша санау», «Төлем жасау», «Бюджет жоспарлау» және т.б.

- Ойын барысында қауіпсіздік шараларын сақтау: Ойын кезінде қолданылатын құралдардың қауіпсіздігі, балалардың эмоциялық және физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары қарастырылды.

- «Өркен-бай ақшасы» жобасы: Педагогтер балабақшада қолдануға арналған арнайы оқу-ойын ақшасын шығару туралы ұсыныс жасады. Бұл балалардың қаржылық ұғымдарды меңгеруіне және ойын барысында нақты тәжірибе алуына мүмкіндік береді.

Кеңес нәтижесінде:

- Педагогтер қаржылық сауаттылықты дамытуға арналған ойындарды тиімді пайдалану және ойын барысында қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша тәжірибе алмасты.

- «Өркен-бай ақшасы» жобасын жүзеге асыру үшін қажетті материалдар мен әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу туралы шешім қабылданды.

- Кеңеске қатысушылар қаржылық сауаттылықты дамыту бойынша оқу қызметін жоспарлау кезінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажеттігін атап өтті.

Бұл кеңес балабақша педагогтерінің қаржылық сауаттылықты дамытудағы ролін нығайтып, балалардың қаржылық білімін ойын арқылы меңгеруіне жағдай жасауға бағытталған маңызды қадам болды.

Инновация әдіскері ____ Зейнелсадыкова Е.С.

Ата-аналарға арналған кеңес: «Балабақшадағы қаржылық сауаттылықта ойын іс-әрекетінің рөлі» және «Қаржылық сөздік» жылжымалы папкасының таныстырылымы

№58 «Өркен» балабақшасында ата-аналарға арналған кеңес өткізілді. Кеңестің тақырыбы – «Балабақшадағы қаржылық сауаттылықта ойын іс-әрекетінің рөлі». Іс-шараның басты мақсаты – ата-аналарға қаржылық сауаттылықты дамытуда балабақшада атқарылып жатқан жұмыстарды таныстыру, сондай-ақ үй жағдайында да қаржыға қатысты түсініктерді балаға түсіндіру жолдарын ұсыну болды.

Кеңес барысында қаралған мәселелер:

- Мектеп жасына дейінгі балаларға қаржылық сауаттылықты ойын арқылы үйретудің маңызы;
- Баланың күнделікті өмірде ақшамен байланысты жағдайларға қызығушылығы мен оларды түсінуі;
- ЭА (ойын әрекеті) арқылы қаржылық ұғымдарды меңгеру жолдары (дүкен ойыны, касса, сатып алу-сату, жинақтау, үнемдеу т.б.);
- Педагог пен ата-ананың бірлесіп әрекет етуі арқылы білім мен тәрбие берудің үйлесімділігі.

«Қаржылық сөздік» жылжымалы папкасы:

Кеңес аясында ата-аналар назарына балабақшада жасалған «Қаржылық сөздік» жылжымалы папкасы таныстырылды. Бұл папкада:

- Балаларға түсінікті тілмен берілген негізгі қаржылық ұғымдар (ақша, банк, дүкен, үнемдеу, табыс, шығыс, әмиян, шот, т.б.);
- Суретті карточкалар мен QR код арқылы бейнематериалдар;
- Үйде қолдануға болатын шағын тапсырмалар мен ойындар ұсынылған.

Қорытынды:

Кеңес соңында ата-аналар өз пікірлерімен бөлісіп, ұсыныстарын білдірді. Көпшілік «Қаржылық сөздік» материалдарының үйде де тиімді қолдануға болатынын айтып, оны баланың танымын кеңейту құралы ретінде жоғары бағалады.

Іс-шара ата-аналардың баланың қаржылық тәрбиесіне деген қызығушылығын арттырып, балабақша мен отбасының бірлескен жұмысының нәтижелілігін көрсетті.

Инновация әдіскері _____ Зейнелсадыкова Е.С.

Эксперименттік және бақылау топтарына аралық мониторинг жүргізу туралы АНЫҚТАМА

«Мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру» тақырыбындағы эксперименттік жұмыс аясында эксперименттік және бақылау топтарына аралық мониторинг жүргізілді.

Аралық мониторингтің мақсаты:

Балалардың қаржылық сауаттылық бағытындағы дағдылары мен білімдерінің даму динамикасын, сондай-ақ оқу-тәрбие процесінде қолданылған әдістемелердің тиімділігін анықтау.

Мониторингке қатысушылар:

- Эксперименттік топ: қаржылық сауаттылық бағытындағы ұйымдастырылған іс-әрекеті жүйелі түрде жүргізілген топ.
- Бақылау тобы: дәстүрлі бағдарламамен жұмыс жасаған топ.

Қолданылған әдіс-тәсілдер:

- Қарапайым бақылау парақтары;
- Сұрақ-жауап, әңгімелесу;
- Шағын тест тапсырмалары;
- Рөлдік ойындар (дүкен, касса, сатып алу т.б.) арқылы танымдық деңгейлерін анықтау.

Бағалау критерийлері:

- Ақша туралы базалық ұғымдарды түсіну;
- Қарапайым қаржылық операцияларды ажырату (алу, сату, айырбастау);
- Үнемдеу, жинақтау туралы түсінік;
- Сюжетті ойындар арқылы қаржылық іс-әрекеттерді қолдану.

Нәтижелері:

Аралық мониторинг нәтижесінде эксперименттік топтағы балалардың қаржылық ұғымдарды қабылдау, қолдану және түсіну деңгейінің бақылау тобымен салыстырғанда жоғары екені байқалды. Олар ойын барысында ақша мен сауда, табыс пен шығын туралы сауатты пікірлер айтып, үнемдеу мен жоспарлау жайлы түсініктерін көрсетті.

Инновация әдіскері ____ Зейнелсадыкова Е.С.

«Менің кішкентай банк ұйымым» – мектеп жасына дейінгі балалар арасында жүргізілген шағын зерттеу жобасы

Жобаның мақсаты:

Балаларға банк ұйымының негізгі қызметімен танысу, ақша айналымының қарапайым процестерін түсіндіру және қаржылық сауаттылық негіздерін ойын арқылы қалыптастыру.

Жобаның міндеттері:

- Балаларға «банк», «ақша», «жинақ», «салым», «несие» сияқты ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіру;
- Ақшаны сақтау және қауіпсіз қолдану жайлы білім беру;
- Ойын және зерттеу әрекеті арқылы балалардың танымдық белсенділігін, логикалық ойлауын, коммуникативтік қабілетін дамыту;
- Топта бірлесіп жұмыс істеу, өз пікірін білдіру дағдыларын қалыптастыру.

Жобаны ұйымдастыру кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі:

- Балалармен «ақша қайдан келеді?», «ақшаны қайда сақтауға болады?» деген сұрақтар төңірегінде әңгімелесу;
- «Банк деген не?» туралы суреттер, бейнематериалдар, көркем әдебиеттен үзінділер көрсету;
- Банк қызметкерінің рөлін сомдайтын қонақ шақыру немесе тәрбиешінің өзі таныстырып өтуі.

2. Зерттеу кезеңі:

- Балаларға банктің қарапайым қызмет түрлері (ақша салу, ақша алу, несие беру, депозит ашу, ақша санау) таныстырылады;
- Шағын банк макеті (ойын бұрышы) ұйымдастырылады;
- Балалар «клиент», «кассир», «банк қызметкері» рөлдерін ойнай отырып, ойын арқылы банктік процестерді меңгереді;
- Арнайы ойын ақшалар, депозиттік шоттар, чек кітапшалары, банкомат макеті пайдаланылады.

3. Қорытынды кезеңі:

- Балалар өздерінің не үйренгенін, банк ұйымында не істей алатынын айтып шығады;
- Әр бала өз "жинақ шотын" безендіріп, ақша жинаудың мақсатын көрсетеді;
- «Мен банкте не істедім?» атты сурет салу немесе көрме ұйымдастырылады.

Күтілетін нәтиже:

- Балаларда банк ұғымына байланысты бастапқы түсініктер қалыптасады;
- Ойын барысында балалар қаржылық терминдерді қолдана бастайды;
- Жинақтау мен үнемдеу туралы алғашқы дағдылар бой көтереді;

- Жобалық іс-әрекетке белсенді қатысу арқылы балалардың шығармашылығы мен логикалық ойлауы дамиды.

Анықтама

2025 жылдың ақпан айында №58 «Өркен» балабақшасында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілер арасында **«Менің кішкентай банк ұйымым»** тақырыбында шағын зерттеу жобасы ұйымдастырылды.

Аталған жобаның мақсаты – балалардың қаржылық сауаттылық негіздерімен таныстыра отырып, банк ұйымының қарапайым қызмет түрлері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, ойын және зерттеу іс-әрекеті арқылы олардың танымдық қабілеттерін дамыту болды.

Жоба барысында балалар «банк», «ақша», «жинақ», «салым», «несие» ұғымдарымен танысып, өздері ойдан құрастырылған «банк» бұрышында тәжірибе жасап, «Банк қызметкері», «Клиент» рөлдерін ойнады. Арнайы дайындалған ойын ақшалары, жинақ кітапшалары, шот үлгілері және банкомат макеті балалардың қызығушылығын арттырды.

Зерттеу жобасы балалардың қаржы туралы бастапқы білімдерін кеңейтіп, үнемдеу, жинақтау сияқты ұғымдарды меңгеруге септігін тигізді. Сонымен қатар, жобалық іс-әрекетке қатысу балалардың сөйлеу, ойлау, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларының дамуына оң ықпал етті.

Іс-шара соңында балалар өз жұмыстарын қорғап, сурет көрмесі ұйымдастырылды. Жоба нәтижесінде педагогтер мен ата-аналар тарапынан жоғары бағаланды.

«Сиқырлы тақта» эксперименттік топтар мен педагогтер арасында қаржылық сауаттылық тақырыбы бойынша зияткерлік ойын АНЫҚТАМА

2025 жылдың наурыз айында «Өркен» балабақшасында «Сиқырлы тақта» зияткерлік ойыны ұйымдастырылды. Іс-шара эксперименттік топ тәрбиеленушілері мен педагогтер арасында қаржылық сауаттылық тақырыбын тереңдету мақсатында өткізілді.

Ойынның мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың қаржы туралы білімдерін бекіту, логикалық ойлауын, есте сақтауын, жылдам шешім қабылдау қабілетін дамыту, педагогтердің оқыту үдерісіндегі шығармашылық белсенділігін арттыру.

Ойын форматы:

Дайындалған сұрақтар мен тапсырмалар бірнеше бөлімдерден тұрды:

- «Ақша деген не?»
- «Жинақ пен үнемдеу»
- «Дүкенге саяхат»
- «Қайсысы арзан, қайсысы қымбат?»
- «Мамандықтар әлемі».

Балалар мен педагогтер топтарға бөлініп, кезекпен сұрақтарға жауап беріп, логикалық тапсырмаларды орындап, суреттермен жұмыс жүргізді. Педагогтер баланың ойын жүйелеп жеткізуіне қолдау көрсетіп, жетекші серіктес ретінде әрекет етті.

Нәтижесі:

Іс-шара балалардың қаржылық сауаттылыққа деген қызығушылығын арттырып, ұжымдық жұмыс дағдыларын, сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Педагогтер тарапынан оқытуда жана құрал – зияткерлік ойын элементтерін тиімді қолдану тәжірибесі байқалды.